

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025 жылғы 04 сәуірдегі Гранттық, коммерцияландыру және
бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қажетті
тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу
бойынша №068 Бұйрыққа сәйкес бекітілген Комиссия отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қ.

28 сәуір 2025 ж.
сағат: 16.30

Қатысқандар:

Төраға: А.Ошибаева – Комиссия төрағасы, Ғылым және стратегиялық даму жөніндегі вице-ректор;

Комиссия мүшелері: М.Гиритлиоглу - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры, А.Исаков - Коммерцияландыру офисінің директоры, Ғ.Мусаханов – Заң бөлімінің басшысы, Е.Тұрсынбек – Бағдарламамен қамтамасыз етудегі инновациялар бөлімінің меңгерушісі, Б.Дерели – Сатып алу бөлімінің маманы, М.Қырықбаев – Тәуекел менеджері, М.Мұсабек – бухгалтер.

Қатыспағандар: Х.Масадигов – Ғылым департаментінің директоры (себепті)

Хатшы: А.Өмірбек (денсаулығына байланысты орнына А.Айымбетова – Ғылым департаментінің жетекші маманы)

Күн тәртібінде:

1. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және коммерцияландыру жобаларын үйлестіру және есеп беру Ережесіне енгізілген өзгерістерді талқылау (Баяндамашы: Коммерцияландыру офисінің директоры – А.Исаков);

2. Ғылыми жобалар аясында ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша жылдық жоспарын келісу (Баяндамашы: Ғылым департаментінің жетекші маманы – Т.Джатаев);

3. Келісімшарт жасауға шешім қабылданған мекемелерден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын сұрату тәртібін талқылау.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:

Комиссия отырысын төраға А.Ошибаева сөз алып, күн тәртібін ашып, Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және коммерцияландыру жобаларын үйлестіру және есеп беру Ережесіне енгізілген өзгерістерді талқылау бойынша баяндамашы, Коммерцияландыру офисінің директоры А.Исаковқа сөз берді.

Комиссия мүшесі А.Исаков: Ғылым және жоғары білім министрлігінің 26.11.2024 жылғы «Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және (немесе)

жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бюджет қаражаты есебінен өткізілетін ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №538 бұйрығының негізінде УЕ-ХҚТУ-005-2023 «Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және коммерцияландыру жобаларын үйлестіру және есеп беру» Ережесінің сатып алу бойынша 8.6 бөліміне өзгертулер мен түзетулер енгізілгендігін баяндады. Сондай-ақ, Ереженің басқа да бөлімдеріне жеке тоқталып, түсіндіріп өтті. Комиссия мүшелері тарапынан сатып алу процесі, сатып алынатын тауар, жұмыс, қызмет бойынша бірнеше сұрақтар қойылып, сұрақтарға толық жауап берілді. Осы жылға жоспарланған сатып алу бойынша мерзімі жақындаған, яғни сәуір, мамыр, маусым айларында сатып алынатын құрал-жабдықтар мен қызметтерді, жоба жетекшілері тарапынан жобаның сметалық шығынына және бекітілетін жылдық сатып алу жоспарына сәйкес қызметтік хат негізінде ұсынылатынын және сатып алуға жауапты тұлға тарапынан университеттің ресми сайтына хабарландыру берілетінін атап өтті.


Келесі сөз кезегі - Ғылым департаментінің жетекші маманы Т.Джатаевқа берілді.

Т.Джатаев: Ғылыми жобалар аясында ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарға арналған тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу бойынша шығындар сметасына сәйкес сатып алу мерзімі, сомасы және сатып алынатын құрал-жабдықтар мен қызметтердің атауы көрсетілген сатып алу бойынша жалпы 2025 жылға арналған жоспарды Комиссия мүшелеріне ұсынды. Сондай-ақ, Комиссия мүшелері тарапынан жылдық жоспарға қатысты қойылған сұрақтарға жауап берді.

Оған қоса, Т.Джатаев 2025 жылға арналған жылдық жоспарды қалыптастыру барысында туындаған мәселелерді де атап өтті, атап айтар болсақ жоба жетекшілері тарапынан ұсынылып, бекітілген жобаның сметалық шығындарына сәйкес, қызметтерді, яғни монография, оқулықтарды баспаханадан басып шығаруға жоспарланған құны нарықтық бағадан тым жоғары екені анықталды, сол себепті Т. Джатаев барлық ғылыми жобалар бойынша бекітілген шығындар сметасында жоспарланған бағаны қайта қарап, нарыққа мониторинг жүргізуді ұсынды.

Үшінші мәселе бойынша тыңдалып, қаралды:

Келісімшарт жасауға шешім қабылданған жеткізушілерден банктік кепілдеме немесе Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын талап ету тәртібі қаралды. Осыған сәйкес, егер тауарлар мен көрсетілетін қызметтердегі сатып алудың жалпы құны 4 000 айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) асып кеткен жағдайда, екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдеме немесе азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын ұсыну міндетті екені нақты көрсетілді.



Сонымен қатар, комиссия шешімі негізінде, егер сатып алудың жалпы құны 4 000 айлық есептік көрсеткіштен аспаса да, баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын сұратуға комиссияның құқылы екені нақтыланды.

Аталған талаптар "УЕ-ХҚТУ-005-2023 Мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және коммерцияландыру жобаларын үйлестіру және есеп беру ережесінің" 8.6.3-тармағында қарастырылған.

ШЕШІМ:

1. Гранттық, коммерцияландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша 2025 жылдық жоспары келісілсін;

2. Гранттық, коммерцияландыру және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобаларына қажетті тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жоспарына нарықтағы бағаға сәйкес мониторинг жасалсын, егер бағада күрделі айырмашылық болған жағдайда, 2025 жылға арналған жоспар комиссия отырысына қайта қарауға шығарылсын.

3. Келісімшарт жасауға шешім қабылданған мекемелерден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын сұрату тәртібі мақұлданып, оны сатып алу процесінде міндетті түрде ескеру тапсырылды.

Комиссия төрағасы



А.Ошибаева


Комиссия мүшелері:

Қаржы және халықаралық байланыстар
вице-ректоры



М.Гиритлиоглу

Коммерцияландыру
директоры



А.Исаков

Заң бөлімінің басшысы




Ғ.Мусаханов

Сатып алу бөлімінің маманы



Б.Дерели

Тәуекел менеджері



М.Қырықбаев

Бухгалтер



М.Мұсабек

Бағдарламамен қамтамасыз етудегі
инновациялар бөлімінің меңгерушісі



Е.Тұрсынбек

Хатшы



А.Айымбетова